

# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сауалнама жүргізу күндері: 2024 жылғы 6-15 мамыр

Респонденттердің саны: 11

(AERC, Halyk Finance, Jusan Invest, Азия Даму Банкі, АКРА, Евразиялық экономикалық комиссия, Евразия Даму Банкі, Экономикалық зерттеу институты, Ренессанс Капитал, Сентрас Секьюритиз, Фридом Финанс)

Пікіртерім нәтижелері (респонденттер болжамдарының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәндері көрсетілген):

Көрсеткіш	2023 (факт/ бағалау)	2024	2025	2026
<b>Brent маркалы мұнай бағасы</b> бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орташа есеппен	82,2	<b>83,3</b> (81,0)	<b>80,0</b> (80,0)	<b>80,0</b> (80,0)
<b>ЖІӨ</b> %, ж/ж	5,1	<b>4,3</b> (4,5)	<b>5,0</b> (5,0)	<b>4,5</b> (4,7)
<b>ТБИ</b> %, желт. өткен жылдың желт.	9,8	<b>8,5</b> (8,4)	<b>6,8</b> (7,0)	<b>6,0</b> (6,0)
<b>Базалық мөлшерлеме</b> жылдық %, жылына орта есеппен	16,5	<b>14,0</b> (14,0)	<b>10,9</b> (11,2)	<b>9,2</b> (9,8)
<b>Тауарлар мен қызметтер экспорты</b> жылына млрд АҚШ долл.	90,2	<b>86,2</b> (90,3)	<b>92,8</b> (90,1)	<b>93,2</b> (92,0)
<b>Тауарлар мен қызметтер импорты</b> жылына млрд АҚШ долл.	71,8	<b>74,3</b> (74,0)	<b>75,8</b> (72,8)	<b>75,7</b> (74,4)
<b>Курс USD/KZT</b> жылына орта есеппен	456,3	<b>453,0</b> (470,0)	<b>470,1</b> (485,4)	<b>475,4</b> (507,9)
<b>Бейтарап базалық мөлшерлеме*</b> жылдық %		<b>8,0</b> (8,0)		
<b>ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді өсуі**</b> %, ж/ж		<b>4,1</b> (4,2)		

**МҰНАЙ БАҒАСЫ.** Мұнай бағасы бойынша сценарийлік шарттары елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Респонденттердің орташа күтулері бойынша 2024 жылы Brent маркалы мұнайдың бағасы барр. үшін **83,3** АҚШ долл., ал 2025-2026 жылдары үшін – **80,0** АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты.

**ЖІӨ.** Қазақстан экономикасының 2024 және 2026 жылдарға арналған өсуі бойынша болжамдары тиісінше **4,3%** және **4,5%** дейін төмендетілген. 2025 жылға арналған болжам бұрынғыдай **5,0%** деңгейінде күтілуде.

**ТБИ.** Инфляция деңгейінің бағалауы бүкіл болжамды кезеңде аса өзгермеген. 2024 - 2025 жылдары инфляция **8,5%** және **6,8%** деңгейінде күтілуде (бұған дейін –8,4% және 7,0%).

2026 жылы респонденттер инфляцияны 5% мақсатпен салыстырғанда **6,0%** деңгейінде сақталуын күтеді.

\* Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме

\*\* 5 жыл ауқымында әлеуетті ЖІӨ өсуінің күтілетін орташа қарқыны

**БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ.** Алдыңғы бағалаулармен салыстырғанда, орта мерзімді кезеңде, сарапшылар базалық мөлшерлеменің айтарлықтай төмендеуін күтуде. Осылайша, 2025 жылға арналған базалық мөлшерлеме болжамдары 11,2% - дан **10,9%** - ға дейін, ал 2026 жылға - 9,8% - дан **9,2%** - ға дейін қайта қаралған. 2024 жылға арналған бағалаулар өзгерген жоқ.

**ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ.** 2024 жылға арналған респонденттердің тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі бойынша болжамдары нашарлап, 90,3-тен **86,2** млрд. АҚШ. долл. дейін қайта қаралған. 2025 жылы болжам 90,1-ден **92,8** млрд. АҚШ. долл. дейін өзгертілді. 2026 жылы тауарлар мен қызметтер экспорты **93,2** млрд. АҚШ.долл. көлеміне дейін өсуі күтілуде.

**ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ.** Талдаушыларға сәйкес тауарлар мен қызметтер импорты көлемінің бүкіл болжамды кезеңде өсуі күтілуде. 2024 жылы тауарлар мен қызметтер импорты көлемі сарапшылардың бағалауына сәйкес **74,3** млрд. АҚШ.долл. құрады. Респонденттердің 2025 жылға арналған болжамдары 72,8-ден **75,8** млрд. АҚШ.долл., ал 2026 жылға - 74,4-тен **75,7** млрд. АҚШ.долл. дейін қайта қаралған.

**USD/KZT БАҒАМЫ.** Сарапшылардың бағалауы бүкіл болжамды кезеңде айтарлықтай өзгертілген. Осылайша, 2024 жылы USD/KZT бағамының бір АҚШ долл. үшін жылына орта есеппен 470,0 теңгеден **453,0** теңгеге дейін, 2025 жылы – 485,4 теңгеден **470,1** теңгеге дейін, ал 2026 жылы – 507,9 теңгеден **475,4** теңгеге дейін нығаюы күтілуде.

**БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ.** Ақша-кредит саясаты ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме сол қалыпты **8%** бағаланып отыр.

**ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӨСУІ.** Респонденттер 5 жылдың шегінде әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын **4,1%** деңгейінде бағалануда.

Көптеген макрокөрсеткіштің **болжамдық ауқымдары** әлі де кең қалыптасады. Алайда, респонденттердің соңғы орта мерзімдік бағалауына сәйкес инфляция, импорт және айырбас бағамы бойынша болжамдар ауқымдары тарылуын көрсетуде. Дегенмен, талдаушылардың күтулері ішкі және әлемдік экономиканың даму перспективаларына қатысты жалпы белгісіздікті бұрынғыдай сақтап келеді.